

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

Меңгеруші жанындағы жиналыс хаттамасы №1

Мерзімі: Қыркүйек

Қатысқаны:43

Қатыспағаны: 0

Күн тәртібінде:

1. Білім беру жүйесінің міндеттерімен таныстыру.
2. Балабақша топтарындағы ойын, табиғат және еңбек бұрыштарының безендірілуі
3. «Күз-мереке , күз-береке» алтын күзге арналған ертеңгіліктердің сценарийлерін, кестесін бекіту.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Әдіскер Жетмекова қызметкерлермен балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысының міндеттерімен таныстырды . Биылғы жылғы балабақшаның негізгі міндеттерін атап өтті ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру

- МДҰ мен ата-аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» әлеуметтік институтын дамыту

-Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу

Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет дамыту бағытында жұмыс атқарылатынын айтып өтті.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбие мен оқытудың негізгі міндеті толық кеңістікті құрып, баланың оң мінез-құлқы, нормасы, тәртіп ережесі , халықтық салт-дәстүр үлгісінде қалыптастыру екендігіне баса назар аударды.

Екінші мәселе бойынша Әдіскер Жетмекова топтарындағы ойын, табиғат еңбек бұрыштарының безендірілуіне тоқталды. Табиғат бұрышында күнделікті ауа-райын белгілейтін кесте ілінгенін, гүлдердің түбін қопсытатын ағаш таяқша т.б құралдар қолданылып жүргенін айтты. Ойын бұрыштары ойыншықтармен жабдықталғанын айтты.

Сонымен қатар дамыту орта құру үшін ,Үлгілік бағдарламаны және білім беру (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) бағдарламаларын іске

асыруды қамтамасыз ету, балалардың жастарына сәйкес болуы, барлық топтық бөлменің үй-жайлары, кабинеттер, ойындар мен ойыншықтар, материалдар, құралдардың тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді болуы, балалардың демалуына немесе оңаша ойнауына, қолайлы эмоционалды жай-күйін дамытуға арналған орынды жабдықталғаны туралы айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша Әдіскер Жетмекова ертеңгілік бағдарламасын талқылап бекітті. Ертеңгілікке керекті шаруашылық заттарын алып беруді шара меңгерушісіне тапсырды. Топтардың дайындайтын көрмелері туралы айтылды. Көрме сапалы өтуін қамтамасыз етуді тәрбиешілерге жүктеді.

Шешімі: 1. 2024-2025 оқу жылына берілген міндеттер орындалсын, бақылау Әдіскер Жетмековаға жүктелсін

2. 2024-2025 оқу жылының жоспарына сәйкес күзгі мереке өз деңгейінде өткізілсін.

Төраға: Шокпарова К.Т.
Хатшы: Мұсағалиева Рита Ержанқызы